

Жаппарқұлова Карлығаш Нурғалиқызының

«6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған

«Болашақ орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің лингвомультимедиялық біліктілігін қалыптастыру құралы ретінде қолданылатын ақпараттық технологияның заманауи құралдары» атты диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Қазіргі Қазақстанда қоғам өмірінің барлық салаларындағы модернизациялау үдерісі, ұлтаралық және халықаралық байланыстардың, қазіргі ақпараттық көпмәдениетті әлемдегі интеграциялық үдерістердің күшеюі, негізгі талабы – белгілі бір танымдық және белсенділік компоненттерге ие қызметкерді даярлаудың пәндік-орталықтандырылған моделінен құзыреттілік тәсіл аясында тұлғаға бағытталған дамушы кәсіптік білімге көшу болып табылатын жаңа білім беру парадигмасының қалыптасуына ықпал етті. Осы тұста педагогикалық әлеуеттің үздіксіз өзгеріп отыратын жағдайында білім беру міндеттерін жауапкершілікпен шеше алатын мұғалім сұранысқа ие болады. Сондықтан мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігінің қалыптасуы педагог лауазымдарының біліктілік сипаттамаларының бірі болып табылады және АКТ қолдану саласындағы құзыреттілік бакалавриаттың негізгі білім беру бағдарламаларын игеру нәтижелеріне қойылатын талаптардағы кәсіби құзыреттердің бірі ретінде белгіленеді.

Зерттеудің өзектілігі. Заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін кәсіби даярлау мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді:

- электрондық лингводидактиканың тәсілдері (стратегиялары) мен әдістері (тактикасы) жүйесі қарым-қатынастың әртүрлі формаларын (ауызша, жазбаша), көп бағытты сөйлеу әрекеттерін оқытумен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.
- электрондық түпнұсқалық ресурстардың үлкен көлеміне, ұлттық мәтіндер корпусына (ОТҰК), білім беру мазмұнына (ақпараттық тезаурус) қол жеткізу оқу үдерісіне мәтіндік, аудио және бейнематериалдарды интеграциялауға және филологтың тілдік тұлғасын қалыптастыруға мүмкіндік береді;

Алайда, педагогикалық үдерісті жаңаша түсінуге қатысты бірқатар мәселелер (ақпараттық-коммуникациялық ресурстардың көмегімен тілдік оқытуды күшейтуді қамтамасыз ететін оқу іс-әрекетін ұйымдастыру), орыс тілі мен әдебиеті мұғалімінің электрондық лингводидактика жағдайындағы кәсіби дайындығының мазмұны теориялық және практикалық аспектілерде (ақпараттық білім беру ортасының әлеуетті мүмкіндіктерін; оқытушының

білім алушымен өзара іс-қимылының қазіргі заманғы түрлерін (білім беру контентін құрастыру, оқу-тілдік материалды оптикалық ұсынудың мол түрін енгізу); оқытудың мультимедиялық құралдарының ауызша-бейнелеу көрнекілігімен жұмыс істеу тәсілдері мен дағдыларын пайдалану және т.б.). жеткілікті түрде дамымаған күйінде қалып отыр.

Мәселенің **өзектілігі** және оның теориялық және әдістемелік дамуының жеткіліксіздігі «Ақпараттық технологиялардың заманауи құралдары болашақ орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің лингвомультимедиялық құзыреттілігін қалыптастыру құралы ретінде» диссертациялық зерттеу тақырыбын таңдауға ықпал етті.

Зерттеудің **мақсаты** – болашақ орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің лингвомультимедиялық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін теориялық және әдістемелік қамтамасыз ету және ақпараттық-коммуникациялық ресурстардың көмегімен тілдік оқытудың тиімді жолдарын анықтау.

Зерттеу **нысаны** – болашақ орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін электронды оқыту құралдарының (ЭОҚ) лингводидактикалық сипаттарын оңтайлы іске асыруға негізделген дайындау үдерісі.

Зерттеу **пәні** – ақпараттық технологиялар арқылы болашақ орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің лингвомультимедиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары.

Зерттеудің мақсаты, нысаны, пәні зерттеудің келесі **тұжырымын** қоюға негіз болды: егер ақпараттық-коммуникациялық ресурстардың көмегімен тілдік оқытудың құрылымы мен мазмұны орыс тілі мен әдебиеті оқытушыларының кәсіби-педагогикалық дайындығын жетілдіру шарттарына сәйкес келсе, онда қазіргі тілдік оқытудың қарқынды коммуникативті-белсенді сипаты және тиімді электрондық білім беру ресурстарын тілдік практикаға жүйелі енгізу негізінде әзірленген мұндай оқу курсы болашақ орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің лингвомультимедиялық құзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыз етеді және:

- кәсіптік білім беру моделін әлеуметтік тапсырысқа бейімдеуге, оқыту жүйесін технологиялық, әдіснамалық, әдістемелік қамтамасыз етуді цифрлық қоғамның сұраныстарына жаңартуға;
- электрондық оқыту құралдарының (ЭОҚ) лингводидактикалық сипаттарын оңтайлы іске асыруға негізделген сәйкес, сенімді, коммуникативтік-бағдарланған оқу ресурстарын модельдеуге, құрастыруға;
- үздіксіз өзін-өзі дамыту және өзін-өзі таныту әлеуеті бар педагог тұлғасының қалыптасуы мен даму үдерісіне орыс тілі бойынша электрондық білім беру мазмұнын жеткізуге;

Жоғарыда келтірілген мәселе, мақсат және тұжырым зерттеудің негізгі **міндеттерін** анықтады:

1. Лингводидактикалық құзыреттер туралы түсініктер аясында «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарының мәнін анықтау.
2. Кәсіби педагогикалық құзыреттіліктің ерекше түрі ретінде лингвомультимедиялық құзыреттіліктің компоненттік құрамын белгілеу.

3. Болашақ орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің лингвомультимедиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын (мотивациялық, мазмұнды, ұйымдастырушылық) анықтау.

4. Университеттің білім беру үдерісінде орыс тілі мен әдебиеті мұғалімінің лингвомультимедиялық құзыреттілігін қалыптастыру моделін әзірлеу және іске асыру.

Қойылған міндеттерді шешу және тұжырымды тексеру үшін әртүрлі ғылыми **зерттеу әдістері** қолданылды:

- философиялық, психологиялық, лингвистикалық еңбектер мен әдістемелік басылымдарды, сондай-ақ зерттеу мәселесі бойынша педагогикалық тәжірибені зерттеу және теориялық талдау;

- зерттеу тақырыбы бойынша нормативтік құжаттарды (жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарын, оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік кешендерді) талдау;

- эмпирикалық әдістер (педагогикалық бақылау; студенттермен сұхбат жүргізу; олардың кәсіптік-бағдарланған оқу және ғылыми-зерттеу қызметін рефлексивті талдау); өзін-өзі бағалау және сарапшылардың бағалауы әдісін қолдану;

- зерттеудің түсіндірмелік әдістері (теориялық зерттеулерді, практикалық тәжірибе мен эмпирикалық материалды талдау және салыстыру; алынған нәтижелерді саралау және масштабтау; эмпирикалық материалды синтездеу);

- педагогикалық эксперимент (тәжірибелік оқыту және ұсынылған әдістеменің тиімділігін тексеру, статистикалық әдістердің көмегімен алынған деректерді талдау, алынған нәтижелерді кескінді түрде ұсыну).

Зерттеудің **ғылыми жаңалығы**:

- ақпараттық технологияларды қолдану саласындағы орыс тілі мен әдебиеті мұғалімінің «құзыреті» және «құзыреттілігі» ұғымдарының анықтамасы берілді және ақпараттық-коммуникациялық ресурстардың көмегімен тілдік оқытуды қарқындатуды қамтамасыз ететін оқу іс-әрекетінің мазмұны анықталды;

- орыс тілі мен әдебиеті мұғалімінің лингвомультимедиялық құзыреттілігінің құрылымы анықталды;

- орыс тілі мен әдебиеті мұғалімінің лингвомультимедиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталды;

- орыс тілі мен әдебиеті мұғалімінің лингвомультимедиялық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі әзірленді;

- орыс тілі мен әдебиеті мұғалімінің лингвомультимедиялық құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін бағалау критерилері мен көрсеткіштері айқындалды.

Зерттеудің **теориялық маңыздылығы**:

- ақпараттық технологияларды қолдану саласында орыс тілі мен әдебиеті мұғалімінің құзыреттілігін қалыптастыру ерекшеліктеріне

лингводидактикалық сипаттама берілді;

- ақпараттық технологияларды қолдану саласында орыс тілі мен әдебиеті мұғалімінің лингвомультимедиялық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің теориялық негіздемесі ұсынылды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар туралы теориялық білімді және онда электрондық оқыту құралдарының лингводидактикалық сипаттарын оңтайлы іске асыруға негізделген оқу ресурстарын құру мен пайдаланудың практикалық дағдыларын қамтамасыз ететін филолог-студенттерді кәсіби бағдарланған даярлау курсының әдістемелік қамтамасыз етудің толық сипаттамасы ұсынылды;
- әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филология факультетінің оқу жоспарына интеграцияланған «Филологиядағы ақпаратты өндеудің инновациялық әдістері» және «Мектепте орыс тілін оқытудағы ақпараттық-білім беру технологиялары» курстары әзірленді;
- зерттеу нәтижелері АКТ арқылы тілдің аспектілері мен сөйлеу әрекетінің түрлерін оқыту әдістемесі бойынша оқу-әдістемелік құралдар мен авторлық бағдарламалар мен курстарды әзірлеуде, сондай-ақ орыс тілін оқытудың теориясы мен практикасы курсына қолданылуы мүмкін.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімінің лингвомультимедиялық құзыреттілігі – ақпараттық-коммуникациялық ресурстардың көмегімен тілдік оқытуды қарқындатуды қамтамасыз ететін оқу қызметін ұйымдастырудың ұтымды тәсілдерін, сондай-ақ болашақ орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің электрондық лингводидактиканың тәсілдері (стратегиялары) мен әдістері (тактикасы) жүйесін пайдалануға дайындығы мен қабілетін қамтамасыз ететін құзыреттерді меңгеру. Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімінің лингвомультимедиялық құзыреттілігі – бұл қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар туралы теориялық білімді және онда электрондық оқыту құралдарының лингводидактикалық сипаттарын оңтайлы іске асыруға негізделген оқу ресурстарын құру мен пайдаланудың практикалық дағдыларын қамтамасыз ететін филолог-студенттерді кәсіби-бағдарланған даярлаудың психологиялық-педагогикалық жағдайларының кешені.

2. Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімінің лингвомультимедиялық құзыреттілігінің құрылымы бес компоненттен тұрады: когнитивтік – орыс тілі мен әдебиеті мұғалімінің кәсіби қызметінде электрондық оқыту құралдарын пайдалану үшін қажетті білімнің (теориялық және практикалық) болуын анықтайды; операциялық – оқытушының білім алушымен өзара іс-қимылының қазіргі заманғы түрлерін практикалық қолдану дағдыларының дамуын анықтайды; аксиологиялық – электрондық білім беру ресурстарының әлеуетті мүмкіндіктерін қолдануға және ақпараттық білім беру ортасында іс-әрекеттің әдістері мен дағдыларын практикалық қолдануға мұғалімнің құндылық бағдарлары мен мотивтерінің болуын анықтайды; коммуникативті (тіл мен әдебиетті оқытудың теориялық және практикалық әдістерін қолдану,

АКТ арқылы тіл аспектілері мен сөйлеу әрекетінің түрлерін оқыту әдістемесін сипаттау, орыс тіліндегі ақпараттық білім беру ортасын болашақ орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің ғылыми, педагогикалық және әдістемелік дайындығын жетілдіру нысаны ретінде пайдалану дағдыларын қамтиды); рефлексивті (мұғалімге өзінің кәсіби қызметіне бақылау жүргізуіне және орыс тілін электронды оқытудың лингводидактикалық мүмкіндіктерін іске асыру жолдары мен тәсілдеріне қатысты ғылыми-практикалық түсініктемелер тұжырымдауына мүмкіндік береді.

3. Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімінің лингвомультимедиялық құзыреттілігінің қалыптасу деңгейінің көрсеткіштері (а) кәсіптік оқыту барысындағы білімдегі өзгерістер, қазіргі тілдік білім берудегі электрондық оқыту құралдарының лингводидактикалық сипаттарының маңыздылығын түсіну; болашақ мұғалімде электрондық лексикографиялық дереккөздердің жүйеленген бейнесі туралы түсінік қалыптастыру; (б) білім беру үдерісіне қатысушылар арасындағы қызмет тәсілдеріне көзқарасты өзгерту; (в) ақпараттық білім беру ортасын пайдалануға, электрондық лингводидактиканың әдістемелік әлеуетін игеруге тұрақты қажеттілік; (г) оқытушының электрондық білім беру мазмұнын жеткізу білімі мен тәжірибесін алудағы және әріптестері арасында таратудағы кәсіби белсенділігі; (д) оқу үдерісіне қатысушылардың ақпараттық өзара іс-қимыл (бірлесіп құру) тәжірибесін бағалау болып табылады.

4. Егер тиісті әдістемені әзірлеу келесі педагогикалық шарттарды ескере отырып жүзеге асырылатын болса, болашақ орыс тілі мен әдебиеті мұғалімінің электрондық білім беру ресурстарын пайдалануға кәсіби дайындығын қалыптастыру тиімді болады:

- қазіргі заманғы филолог-мұғалімді құзыреттілік тәсіл негізінде даярлау болашақ мұғалімдердің кәсіби таңдауында басшылыққа алынатын маңыздылықтар мен құндылықтарының арқасында үздіксіз өзін-өзі дамыту және өзін-өзі таныту әлеуетіне ие мұғалімнің жеке басын қалыптастыру және дамыту үдерісі ретінде қарастырылады;
- кәсіби бағдарланған тәсіл: лингвистикалық кәсіби оқыту ортасының әлеуетті мүмкіндіктерін (оқу-тілдік материалды ғана емес, сонымен қатар оқытылатын тілдегі нақты коммуникацияны тиімді таныстыру және семантикалау) және оқытушының білім алушымен өзара әрекеттесуінің заманауи түрлерін пайдалануға дайындық пен мүмкіндікті қамтиды;
- орыс тілі мен әдебиеті мұғалімін кәсіби даярлаудың әдіснамалық негіздерін әзірлеудегі жүйелі тәсіл ақпараттық-коммуникациялық ресурстардың көмегімен тілдік оқытуды қарқындатуды қамтамасыз ететін оқу қызметін ұйымдастырудың жүйе құраушы факторларын қарастыруды қамтиды.

5. Ақпараттық-коммуникациялық ресурстардың көмегімен тілдік оқытуды қарқындатуды қамтамасыз ететін және болашақ орыс тілі мен әдебиеті мұғалімінің кәсіби дамуы мен өзін-өзі танытуына бағытталған оқу қызметін ұйымдастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі (а) жалпы дидактикалық (ғылыми, жүйелілік, пәнаралық, іргелі, тұтастық,

қолжетімділік); (б) тұлғаға бағытталған (дербестендіру; үстемдік; орындылық; икемділік пен мен бейімделгіштік, табыстылық); (в) ақпараттық-технологиялық (интерактивтілік; тәжірибеге бағдарлану; күрделіліктің артуы; білім беру ортасының артықтығы; полимодальдық; енгізілген бағалау) принциптердің жиынтығы болып табылады.

Жұмыстың жариялануы және мақұлданыуы. Диссертацияның негізгі тұжырымдары автордың келесі жарияланымдарында көрсетілген. Scopus дерекқорына кіретін рецензияланатын журналдар мен басылымдардағы ғылыми мақалалар саны – 4, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (БЖҒСБҚ) ұсынған жетекші рецензияланатын журналдар мен басылымдардағы ғылыми мақалалар саны – 4, Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдар саны – 2, Оқу-әдістемелік жұмыстар саны – 4

Зерттеудің келешегі

Зерттеудің келешек көрінісі орыс тілі мен әдебиетін оқыту тәжірибесінде бақылау-диагностикалық тесттер жүйесін қолдану әдістемесін жетілдіруде; ақпараттық-коммуникациялық ресурстардың көмегімен оқытуды қарқындатуды қамтамасыз ететін оқу қызметін ұйымдастырудың ұсынылған құрылымдық-мазмұндық моделін басқа пәндік салаларға бейімдеу жолдарын анықтауда; мұғалім кәсібилігінің ақпараттық-коммуникациялық компонентін жетілдіру үдерісінде акмеологиялық тәсілді жүзеге асыруда көрінеді. Дербес педагогикалық қызмет үдерісінде педагогикалық ЖОО түлектерінің ақпараттық мәдениетінің дамуын бақылау да қызығушылық тудырады.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Мәтіндік материалдан басқа жұмыс 9 кестемен, 14 суретпен кескінделген.